

ЖАДЫНАМА

1. Сыйлықты алған тұлғалар (білмей келіп түскен сыйлықтар, не олар өздерінің лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған сыйлықтар, сондай-ақ лауазымдық жағдайына байланысты немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты мемлекеттік қызметшілерге жария түрде немесе ресми іс-шаралар кезінде берілген (тапсырылған) сыйлықтар) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетінің (бұдан әрі – Үәкілетті орган) аумақтық органдарына немесе жергілікті басқару органдарына тапсырады. Сыйлықтар Үәкілетті немесе жергілікті атқарушы органдымен анықталған нұсқада мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актің негізінде, тұлғага сатып алу не сатып алудан бас тарту туралы жазбаша хабарламаны қоса бере отырып тапсырылады.

2. Хабарламада келесі ақпараттар болуы қажет:

- Үәкілетті органдың немесе жергілікті атқарушы органдың атауы;
- сыйлық тапсырушының Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, байланыс нөмірлері;
- сыйлықтың атауы, оның мөлшері және ол туралы қысқаша түсіндірме;
- сатып алу не сатып алудан бас тарту туралы ақпарат. Сонымен бірге, сатып алған жағдайда хабарламада жоғары тұрған лауазымды адамның келісіүі туралы белгі болуы керек (Т.А.Ә., лауазымы, қолы, мөр).

3. Сыйлықтар жергілікті атқарушы органдарына тапсырылған жағдайда, жергілікті басқару органдары Үәкілетті органға жұмыс күн ішінде тиісті хабарлама жолдайды. Жергілікті атқарушы органдар тапсырылғын сыйлықтарды жоғарыда көрсетілген мерзімде Үәкілетті органға мұлікті есепке алу, сақтау және бағалау үшін береді.

4. Сыйлықты сатып алу үәкілетті орган сыйлықты алған адамнан хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде үәкілетті орган мен сыйлықты алған адам арасындағы сатып алу-сату шарты бойынша жүзеге асырылады. Сонымен бірге, жергілікті атқарушы органдарға бағалауға және сатып алу-сату шартына тапсырған мерзімдері жергілікті атқарушы органнан тиісті хабарлама алған кезден бастап саналады.

5. Сыйлықты тапсырған адам оны сатып алудан жазбаша түрде бас тартқаннан кейін ғана үәкілетті орган арнаулы мемлекеттік қордан сыйлықты үшінші тұлғаларға өткізуге құқылы. Мәлімет үшін: Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 472-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне келіп түскен мұлікті толық және (немесе) уақтылы бермеу, егер бұліс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса әкімшілік айыппұл салуға әкеп соғады.